
АЛЖИР
А здесь в глухом
чаду пожара,
Остатки юности
губя,
Мы ни единого
удара
Не отвернули
от себя.
А. Ахматова.

*А.Л.Ж.И.Р «Акмолинский Лагерь Жен Изменников Родины» « Отан сатқындары әйелдерінің Ақмола лагері» 1937 жылы VIII К-ның арнайы бұйрығымен салынған.НКВД бастығы Ежовтың бұйрығымен Гулаг бастығы қол қойып, “Алжир” аталған.*

# АЛЖИР
# лагерь для жен изменников Родины в Акмолинске (северный Казахстан)



А.Л.Ж.И.Р. - Акмолинский лагерь жен изменников Родины







*Алжир аталып кеткен азап орталығында 20 мыңға жуық нәзік жандар қамауда болған.Бойына бала біткен ана атаулылар мейірім көрместен темір тордың ар жағында 1 507 нәрестеге жарық дүние есігін ашқызса,соның басым көпшілігі аштық пен суықтың құрбанына айналып періште күйінде, пәк күйінде бақилыққа аттана берді…*



*Лагерьде денсаулығы жоқ,тіпті мүгедек әйелдерді де ауыр жұмыстарға жеккен.Осынау 30 мың гектар жерді алып жатқан тозақ оты талай қазақ анасын жазықсыз жалынымен шарпыды...Талай нәзік жандылар егін егіп,мал бағып, құрылыс жұмыстарымен айналысты...Құрсақтарын жарып шыққан құлындарының аштықтан шырылдаған сәттеріне куә болып, сақылдаған сары аяздан дірдектеген балапандарына жылы орын таба алмас шарасыз күйден өзектері өртенді...Ызғарымен азабына сәби тұрмақ ана шыдамай 1942-1945 жылдары бораннан,аяздан 540 әйел адам өлген!*

1938 жылы 28 ақпанда алғашқы этап келген.1-3 жасқа дейінгі баласы бар 50 әйел әкелінді. Лагерьге анасымен түскен сәбилер 2-3 жасқа жеткен соң аналарынан айырылып алынып, балалар үйлерінің “тәрбиесіне берілді, мыс.






*Лагерьде КСРО мемлекет басшыларының әйелдері мен балалары, жақын туыстары,Қазақстан басшы қызметкерлерінің әйелдері мен балалары жапа шекті.Онда ЗарапТемірбековтың жары Сақыпжамал НазароваС.Сейфуллиннің әйелі Гүлбахрам,Б.Майлиннің әйелі Күнжамал Майлина,Т.Рысқұловтың әйелі Әзиза Рысқұлова,С. Меңдешовтың әйелі Ғазия,Т.Жүргеновтың әйелі Дәмеш Жүргенова,С.Асфендияровтың әйелі Рабиға және т.б көптеген қазақ азаматтарының әйелдері,аяулы аналар "жазасын өтеді". Алжир 1950 жылдың басынан бастап таратылып,оның тұтқындары басқа лагерьлерге ауыстырылды,мерзімін өтегендер*

# Саяси қуғын-сүргін құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешені

XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін-мыңдаған жазықсыз адамдардың қаны мен көз жасына суарылған тарихымыздың шерлі беттерінің бірі болып саналады. Әкімшілік-жалалаушы жүйе еңбектеген сәбиді де, еңкейген кәріні де, болмысы нәзік әйелді де аяған жоқ. Біздің ендігі жердегі борышымыз-осы қанқұйлы жылдардың оқиғасын, оның жазықсыз құрбаны болған азаматтардың есімдерін ұмытпау, оларды мәңгі есте сақтау.

(2007 жылы 31 мамырда АЛЖИР мемориалды-мұражай кешенінің ашылуында сөйлеген сөзінен).
Нұрсұлтан Назарбаев
Қазақстан Республикасының Президенті